

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» тақырыптағы оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы (Колледж, Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары, мектеп мұғалімдері, ассистент-педагогтарын оқытуға арналған)

Бағдарлама авторы:

Оспанбаева М.П. пс.ғ.к., «Педагогикалық психология» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

«Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Білім беру ұйымдарында ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы ереже әзірленеді; мамандардың құрамы және лауазымдық міндеттері бекітіледі; олардың кәсіби өсуіне жағдай жасалады. Екінші кезеңде ерекше білім қажеттігі бар балалардың тізімі және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, жеке (бейімделген) білім беру бағдарламалары, мамандардың жеке (дамыту) бағдарламалары талқыланып, бекітіледі. Бұл процедуралар оқушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижесінде немесе ПМПК ұсынымы негізінде, білім беру ұйымының басшысының жетекшілігімен жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау құрамында қызмет ететін мамандар: басшы орынбасары, педагог-психолог, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог және педагог-ассистент. Осылардың ішінде жаңадан ендірілген қызмет түрі педагог-ассистент болып табылады. Ол, ерекше білім қажеттілігі бар балалардың өзін-өзі ұстауы мен мектеп ережелерін сақтауына көмектеседі. Мұндай көмек сабақ үстінде және үзілістерде, педагог-ассистенттің жеке қолдауы арқылы, оқушы тәртібі мен мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталады. Педагог-ассистенттің көмегі бір тоқсан мерзімінде, сабаққа бейімделуі қиын, мінез-құлқында жеңіл ақаулары бар оқушыларға көрсетіледі. Көмек психологиялық-педагогикалық қолдау кеңесінің шешімімен тағайындалады; ал оны ұзарту қажеттілігі ПМПК қорытындысы мен ұсынымы бойынша анықталады.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының апталық оқу жүктемесі орта білім беру ұйымдарында 16 сағат, ал мектепке дейінгі мекемелерде 24 сағатты құрайды. Жалпы білім беру ұйымында ерекше білім қажеттігі бар оқушылар саны 12-14 аралығында болып, одан аспағанда, штаттық норматив психолог, логопед, арнайы педагог лауазымдарының 1 бірлігін қарастырады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында облыс, қала, аудан деңгейінде, инклюзивті білім беруді дамыту мен тәжірибе алмасуға бағдарланған ресурстық орталықтар құрылады.

Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің дамытушы (түзету) бағыты жеке жұмысты көздейді. Баланың ортаға үйрену үрдісі, айналасындағылармен қарым-қатынасындағы кедергілер, мінез-құлқындағы мәселелер және оқу қиындықтары – педагог-психологтың пән мұғалімдерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабақты меңгерудегі қиындықтарды еңсеруі және психикалық, денсаулық күйлерін реттеу-тұрақтандыру үшін жеке білім беру траекториясын құру шарт. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ерекше білім қажеттігі бар балалар туралы жеке ақпараттардың құпиялылығын сақтай отырып, олар үшін қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған «Ерекше білім қажеттігі бар балаларды

психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы міндеттерді шешуге бағдарланған.

2. ГЛОССАРИЙ

Авторитарлық қарым-қатынас – мұғалімнің оқушылар пікірімен санаспай, қызығушылықтарын ескермей шешім қабылдауы, тек өзінің айтқанын орындауға бағытталуы.

Аксиалды қарым-қатынас – ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу үрдісі (мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас).

Аксиология – грек тілінің «axia» құндылық және «logos» ілім сөздерінен шыққан, құндылықтардың табиғаты жайлы және дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім.

Антипатия – бір адамның екінші бір адамды жақтырмауы.

Арнайы сыныптар – жалпы білім беру мектебінде оқуға қайшы көрсеткіштері жоқ, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған жалпы білім беретін мектептер құрылымындағы сыныптар.

Арнайы білім беру ұйымдары – мүмкіндіктері шектеулі балаларды диагностикалау және кеңес беру, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар.

Әлеуметтік фрустрация – адамдардың болашақтың белгісіздігіне алаңдаушылығы, мақсатқа жете алмауындағы торығып күйзелуі, жеке тұлғаның өзін дәрменсіз, ешкімге қажетсіз сезінуі, балалар мен ересектердің әлеуметтік қорғаныссыздығынан абыржуы, уайымға салыну сияқты психологиялық жағдай.

Әлеуметтік бейімделу – мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғамда қалыптасқан құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеру арқылы әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделу.

Бақылаусыз қалған балалар – тұратын жері бар, бірақ ата-аналар тарапынан қамқорлықсыз қалған балалар.

Викитимді балалар – бұл дезадаптация, әлеуметтік ауытқулар, әлеуметтендіруге қайшы жағдайларға әкелетін өмір шарттарының құрбаны болуға бейім балалар.

Вариативтік оқу бағдарламасы – типтік оқу жоспарының вариативтік компонентіне кіретін, оқу курсы бойынша білімдер, іскерліктер, дағдылар мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.

Вербальды қарым-қатынас – бір адамнан екінші адамға, не болмаса топ адамдар арасында сөз арқылы ақпарат алмасу үрдісі.

Гуманизм – адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауға негізделген көзқарастар жиынтығы; тұлғаның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған және тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуын қарастыратын ілім. Гуманизм – адамның өмірлік ұстанымы, ол адами қасиеттерді сақтап қалу, жағымды, жақсы істерге бағыттайды.

Даралық – адамды басқа адамдардан ерекшеліндіріп тұратын айрықша қасиеттер, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбастық.

Демократиялық қарым-қатынас – оқушы білімді іздестіруде қарым-қатынаста тең құқылы субъект ретінде қарастырылады. Оқушылар мен мұғалім ынтымастық қарым-қатынаста болады.

Девиантты мінез-құлық – бұл нақты қоғамдастықтардың белгілі даму кезеңіндегі жалпы қабылданған, әлеуметтік тарапынан қолданған, кеңінен тараған және қалыптасқан нормалардан ауытқыған мінез-құлық.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Ерекше оқыту қажеттілігі – білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы психологиялық-педагогикалық және басқа қолдау көрсетудегі баланың қажеттіліктері.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар.

Жұмыс оқу жоспары – оқушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, типтік оқу жоспарының негізінде жалпыға білім беру мекемесі құрастыратын құжат.

Жеке бағдарлама – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып жасалатын, әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиіс білім, дағды, іскерліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

Жеке білім беру траекториясы – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып анықталатын аймақ.

Жеке білім беру маршруты – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып, оны дамыту мақсатында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тобы құрастыратын білім беру-түзету-дамыту бағдарламасы.

Жеке тұлға – индивидтің әлеуметтік маңызды сапалар жүйесі, оның әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды іске асыру қабілеттері. Жеке тұлға ретінде адам өзінің санасының даму деңгейімен, өз санасын қоғамдық санамен сәйкестендіруімен сипатталады.

Қосымша білім – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі.

Міндетті оқу бағдарламасы – типтік оқу инварианттық компонентіне кіретін, әрбір оқу пәні бойынша білімдер, іскерліктер және дағдылар мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар – 18 жасқа толмаған, дене және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, заңнамамен қарастырылған тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалаған, кейін пайда болған аурулар немесе жарақат салдарынан тіршілік әрекеті шектеулі балалар.

Оралман – Қазақстан Республикасы егемендігін алғанға дейін үнемі шетелде тұрған этникалық қазақ; немесе (және) Қазақстан Республикасы егемендігін алғанға дейін шетелде туып өскен, ұлты қазақ балалар; тарихи отанында тұрақты қоныстану мақсатымен Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген аймақтарға қоныстанған, қолданыстағы Заңмен орнатылған тәртіп бойынша тиісті мәртебеге ие болған этникалық қазақтар.

Оңалту – мүмкіндіктері шектеулі баланы психикалық және дене мүмкіндіктері аясында қалыпты өмір сүру мен еңбекке жарамды ету мақсатында

медициналық, әлеуметтік, білім беру және кәсіби сипатындағы шаралардың тұтас кешенін қолдану.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, сабақтарының, практикаларының, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес әр баланың табысты білім алу мен дамуы үшін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдай жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Саралап оқыту – оқытуды ұйымдастыру формасы, бұл тәсіл кезінде оқушының типологиялық, жеке психологиялық ерекшелігін есепке алу жүзеге асады және мұғалім мен оқушының арасында ерекше байланыс орнатылады.

Сыртқы жиынтық бағалау – негізгі орта және жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін меңгерген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындау.

Түзету сабақтары – оқушылардың дене және (немесе) психикалық кемшіліктерінің орнын толтыруды немесе төмендетуді қамтамасыз ететін сабақтан тыс уақытта білім беру үдерісін ұйымдастыру формасы.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

«Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы педагогика, психология және нейрофизиологияның соңғы жаңалықтарына бағдарлана отырып, мамандандырылған кәсіби тәжірибе негізінде жүзеге асырылатын, ересектерді оқыту технологиясы.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидаларында» ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық сүйемелдеудің дамытушы (түзету) бағыты жеке жұмысты көздейтіні атап көрсетілген. Баланың ортаға үйрену үрдісі, айналасындағылармен қарым-қатынасындағы кедергілер, мінез-құлқындағы мәселелер және оқу қиындықтары – педагог-психологтың пән мұғалімдерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабақты меңгерудегі қиындықтарды жеңуіне, психикалық және денсаулық күйіне байланысты, дамыту-түзету жұмыстарын ұйымдастыруды білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қамтамасыз етеді. Оқушы өзінің жеке жағдайына, мінез-құлқына, оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын қиындықтарға немесе құқықтық-әлеуметтік-психологиялық ахуалына қатысты қандай да бір мәселені, қалауы бойынша, сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, пән мұғалімі, мектеп

басшыларының біріне хабарлайды. Мұндай ауызша немесе жазбаша түрде жасалған өтінішті психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды. Балаға қажетті психологиялық көмек көрсету кестесі мен форматы оның ата-анасымен алдын-ала, жазбаша түрде келісіледі. Баламен жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесінде психологиялық-педагогикалық қорытынды әзірленіп, жеке жұмыс жоспары дайындалады. Жеке жоспар 2 данада жасалады және оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді. Ерекше білім қажеттігі бар балаға қатысты психологиялық-педагогикалық мәселе бойынша, мамандар қызметіне оның ата-анасы немесе заңды өкілі жүгінген жағдайда да, жұмыс тәртібі осындай алгоритм бойынша жүзеге асырылады.

Ұсынылып отырған «Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсына, оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мазмұнын анықтау және ерекше білім қажеттігін бағалау үшін, мұғалім мен мамандар командасының тікелей қызметтерімен қатар, тиісті құжаттамаларды әзірлеу және жүргізу әдістемелері қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында жүргізілетін іс-шаралар: оқушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау және бағалау; олардың отбасына педагогтар тарапынан консультативтік-әдістемелік көмек көрсету; ЕББҚ балалардың табысты оқуы, еркін дамуы және тиімді әлеуметтенуі үшін, әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау. Аталған іс-шаралардың көрінісі келесі құжаттарда бейнеленеді: бала туралы мәліметтер, сынып жетекшісінің бақылау картасы, педагог-психологтың бақылау картасы, әлеуметтік педагогтың бақылау картасы, ерекше білім қажеттігі бар оқушыларды есепке алу журналы, баланы сабақ үстінде бақылау хаттамасы, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің диагностикалық картасы, ерекше білім қажеттігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасы.

«Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсы 80 сағат көлемінде жоспарланып, білім беру ұйымдарының әдіскерлері, педагог-психологтары, әлеуметтік педагогтары, ассистент-педагогтары және сынып жетекшілері категорияларын қамтиды.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Білім беру ұйымдарының әдіскерлері, педагог-психологтары, әлеуметтік педагогтары, ассистент-педагогтары және сынып жетекшілерінің ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесін меңгеруін қамтамасыз ету және инклюзивті білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету іскерлігін жетілдіру.

Курстың міндеттері:

- ЕБҚ балалардың табысты оқуы, еркін дамуы және тиімді әлеуметтенуі үшін, кедергісіз кеңістік пен қауыпсіз орта қағидаларын білу;

- оқушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау және бағалау технологияларын үйрену;
- ЕБҚ баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасауды меңгеру;
- ЕБҚ оқушылардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету іскерлігін жетілдіру;
- ЕБҚ балалар туралы мәліметтерді жинауға дағдылану;
- ЕБҚ оқушыларды кәсіби бақылау шеберлігін дамыту.

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер: дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

Күтілетін нәтиже: курс тыңдаушылары ерекше білім қажеттігі бар балалар үшін, өз кәсіби саласы бойынша, жеке тәжірибеге негізделген әдістемелік құжаттардың бірін әзірлейді және көпшілік алдында қорғайды.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Тақырып 1. Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты, ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды айқындау қағидалары.

ҚР БЖҒМ «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» (2022ж., № 26618) бойынша, оқу қиындықтарының себептеріне байланысты, балалардың екі тобын айқындау жүзеге асырылады: бірінші топты ақыл-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау сынды психикалық процесстердің даму деңгейінің жеткіліксіздігі салдарынан, мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар; сөйлеу, көру, есту, мүмкіндіктері шектеулі, зердесі зақымдалған, психикалық дамуы тежелген, тірек-қимыл аппараты бұзылған, эмоциялық-ерік бұзылыстары бар (аутизм) және күрделі (біріктірілген) бұзылыстары бар балалар құрайды; екінші топқа дене және ақыл-ой дамуы қалыпты болғанымен, білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа да факторлары бар балалар кіреді: әлеуметтік осал топқа жататын отбасы балалары, қараусыз қалған балалар, босқындар мен мигранттардың балалары және науқас балалар.

Даму мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты, білім беру ұйымдарында, оқу қиындықтары бар бірінші топ балаларының білім қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шарттар: оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту; оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту; оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы, оның ішінде мінез-құлықты қолданбалы талдау қағидастарына негізделген әдістерін пайдалану; оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау; арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (педагог-психолог, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед, педагог-ассистент); оқыту бағдарламасын таңдау (жалпы білім беретін, арнайы); кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу; компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету; әлеуметтік педагогтік сүйемелдеу; жүріп-тұруы қиын, мүгедектігі бар балалар үшін жеке көмекші қызметі.

Екінші топтағы балалардың білім қажеттіліктерін қамтамасыз ету шарттары: оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгертпей, жеке оқыту тәсілін қолдану арқылы жүзеге асыру; үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен, қосымша сабақтар ұйымдастыру; оқу орнын бейімдеу; педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу (мектеп психологы); әлеуметтік-педагогикалық қолдау (әлеуметтік педагог). Екінші топтағы балалардың білім қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің ұсынысы, ал бірінші топтағы балалар үшін ПМПК қорытындысы мен ұсыныстары негіз болып табылады.

Тақырып 2. Білім беру ұйымдарында ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі.

ҚР ОАМ «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы № 377-бұйрығында, ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық сүйемелдеудің дамытушы (түзету) бағыты жеке жұмысты көздейтіні атап көрсетілген. Баланың ортаға үйрену үрдісі, айналасындағылармен қарым-қатынасындағы кедергілер, мінез-құлқындағы мәселелер және оқу қиындықтары – педагог-психологтың пән мұғалімдерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабақты меңгерудегі қиындықтарды жеңуіне, психикалық және денсаулық күйіне байланысты, дамыту-түзету жұмыстарын ұйымдастыруды білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қамтамасыз етеді.

Оқушы өзінің жеке жағдайына, мінез-құлқына, оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын қиындықтарға немесе құқықтық-әлеуметтік-психологиялық ахуалына қатысты қандай да бір мәселені, қалауы бойынша, сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, пән мұғалімі, мектеп басшыларының біріне хабарлайды. Мұндай ауызша немесе жазбаша түрде жасалған өтінішті психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды. Балаға қажетті психологиялық көмек көрсету кестесі мен форматы оның ата-анасымен алдынала, жазбаша түрде келісіледі. Баламен жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесінде психологиялық-педагогикалық қорытынды әзірленіп, жеке жұмыс жоспары дайындалады. Жеке жоспар 2 данада жасалады және оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Ерекше білім қажеттілігі бар балаға қатысты психологиялық-педагогикалық мәселе бойынша, мамандар қызметіне оның ата-анасы немесе заңды өкілі жүгінген жағдайда да, жұмыс тәртібі осындай алгоритм бойынша жүзеге асырылады.

ҚР БЖҒМ «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» № 6-бұйрығында, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында жүргізілетін іс-шаралар атап көрсетілген: оқушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау және бағалау; олардың отбасына педагогтар тарапынан консультативтік-әдістемелік көмек көрсету; ЕББҚ балалардың табысты оқуы, еркін дамуы және тиімді әлеуметтенуі үшін, әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Осы заңнамада білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз ету үрдісінің екі кезеңнен тұратыны

тұжырымдалған. Бірінші кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы ереже әзірленеді; мамандардың құрамы және лауазымдық міндеттері бекітіледі; олардың кәсіби өсуіне жағдай жасалады. Екінші кезеңде ерекше білім қажеттігі бар балалардың тізімі және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, жеке (бейімделген) білім беру бағдарламалары, мамандардың жеке (дамыту) бағдарламалары бекітіледі. Бұл процедураларды оқушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде, білім беру ұйымының басшысы жүзеге асырады.

Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау құрамында қызмет ететін мамандар: басшы орынбасары, педагог-психолог, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог және педагог-ассистент. Осылардың ішінде жаңадан ендірілген қызмет түрі педагог-ассистент болып табылады. Ол, ерекше білім қажеттілігі бар балалардың өзін-өзі ұстауы мен мектеп ережелерін сақтауына көмектеседі. Мұндай көмек сабақ үстінде және үзілістерде, педагог-ассистенттің жеке қолдауы арқылы, оқушы тәртібі мен мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталады. Педагог-ассистенттің көмегі бір тоқсан мерзімінде, сабаққа бейімделуі қиын, мінез-құлқында жеңіл ақаулары бар оқушыларға көрсетіледі. Көмек психологиялық-педагогикалық қолдау кеңесінің шешімімен тағайындалады; ал оны ұзарту қажеттілігі ПМПК қорытындысы мен ұсынымы бойынша анықталады.

Тақырып 3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдастыру шарттары: кедергісіз кеңістік, қауыпсіз орта, тиімді әлеуметтену, еркін даму, табысты оқу.

Инклюзивті мектепті дамыту үшін жалпыға білім беру мектебін өзгертуде келесі іс-әрекеттер қарастырылады: ерекше қажеттіліктері бар балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын оқу жоспарын құрастыру; оқу мазмұнын баланың тәжірибесі, түрткілері және өзіндік дамуына бағыттау; күнделікті оқу үрдісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуде балаға қолдау көрсету, әрбір нақты жағдай үшін қарастырылған бағалау үрдістері арқылы баланың жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау; оқу үрдісінде тиімді, белсенді және қажетті технологияларды қолдану; кеңістіктік кедергілерді барынша азайту немесе жою және баланың оқу әрекеті мен қарым-қатынас ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды пайдалану. Бұл бағытта басты роль және жауапкершілік білім беру ұйымдары мен мектеп басшыларына жүктеледі. Олар басқару үдерісін дамытып, бағдарламаларды, оқытудың түрлі қалыптарын және білім мен дағдыларын бағалау әдістерін, балалардың бір-біріне көмек беруін оңтайландыруды, кедергілерді жоюды, мектеп пен қоғамның, атааналардың арасында өзара тығыз байланыстарды қамтуға арналған нұсқау-әдістемелік материалдарды қайта қарастырулары қажет. Жергілікті әкімшіліктер жалпыға білім беру мектептерінде инклюзия үрдістерінің дамуына жауапкершілікпен қарап, белсенділік танытып, инклюзия тәртібінде жұмыс жасайтын мектептерге қолдау көрсетулері міндетті.

МШБ білім беру бағдарламаларын меңгеру мәселесін нәтижеге бағытталған білім беру модельдерін енгізу арқылы шешуге болады. Білім

берудің жаңа парадигмасының бейнесі ретінде нәтижеге бағытталған, білім беру моделінің мақсаттары мен мазмұны құзыреттіліктер түрінде ұсынылған, күтілетін нәтижелерге негізделеді. Даму бұзылыстары бар балаларға жоғары деңгейлі оқу жетістіктеріне қол жеткізуге түрлі деңгейлерде оқытуды енгізу, білімдерді бағалауда жаңа бағыттарды іске асыру мүмкіндік береді. Білім беру ортасын өзгертуді жоспарлауда әуелі түрлендіру қаншалықты қажет екендігін анықтау керек. Әрине, көп жағдайларда өзгерістер даму ерекшеліктері бар балаларды оқытуға жағымды жағдайлар жасау үшін енгізіледі. Қажетті өзгерістерді келесі 5 топқа жатқызуға болады: білім беру кеңістігі, оқу құралдары, ресурстар, оқыту стратегиялары, білімдерді меңгеру деңгейін анықтау жұмысы. Оқу құралдарын түрлендіру. Ерекше білім қажеттігі бар оқушының қалыпты ортаға қосылу үрдісінің жеңіл өтіп, нәтижелі болуына қол жеткізу үшін оқу құралдарын өзгерту және түрлендіру керек. Қазіргі сыныпта тілді зерттеу – оқу мен жазу бойынша көптеген жаттығуларды орындаумен бекітілетін маңызды міндеттердің бірі. Оны шешуде «қиын оқылатын» оқу құралдарын қолданбаған дұрыс. Бір балалар үшін шрифтті үлкейту керек, басқалары үшін – аралық көрсеткішті екі есе үлкейтіп, шрифтін басқа түрін қолданған дұрыс. Мұндай өзгерістер қабылдау барысын жылдамдатады, ал оқу құралдары ұнамды болады және де МШБ оқу үрдісіне көп күш жұмсамауын қамтамасыз етеді.

Оқу құралдарын түрлендіру тәсілдері: оқуды жеңілдету; маңызды белгілерді шрифтпен немесе түстермен бөліп көрсету; қажетсіз мәліметтерді қысқарту; көріп қабылдауын сурет, диаграмма, сызба, POWER POINT таныстырылымдары арқылы белсендендіру; материалдың тілдік құрылымы жеңіл болуы үшін қарапайым сөздерді қолдану; тәжірибелік сипаты мен өзектілігі жоғары таңдаулы мәтіндерді қосу; аудиожазба, бейнефильм сынды альтернативті материалдарды қолдану; заманауи жаңа материалдарды енгізу; оқушы ерекшелігіне қарай күнделікті үй тапсырмаларын дайындау. Оқу құралдарын түрлендіруде мұғалімдер олардың мазмұндық-мағыналық бөлімін үнемі назарда ұстаулары қажет. Кейбір жағдайларда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға негізгі оқу жоспары материалының тек міндетті сәттеріне тоқталу керек. Жалпы, инклюзивті мектепте білім беру мазмұнының барлық бірліктерін: оқулықтар мен оқу бағдарламаларын балалар категорияларына сәйкес түрлендіру және бейімдеу қажет. Сондықтан олардың бірқатары мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жарамайды және де балалардың сынып жұмысына толыққанды қатысуына кедергі болады. Мұндай оқушылар үшін материалдарды олардың танымдық даму деңгейіне, қарым-қатынас дағдыларына сәйкес жинақтау қажет.

Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру барысындағы маңызды шарттардың бірі – жалпы білім беретін мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК). Ол ортақ мақсаттармен біріккен мамандар ұжымын құрайды. ПМПК жеке оқыту бағдарламасына сәйкес ерекше оқыту қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады және инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілеріне қолдау көрсетеді. Инклюзивті білім беруді іске асыруда ПМПК-ның рөлі – тактикалық міндеттерді әзірлеу,

оқу-тәрбие үрдісіне әр түрлі мамандарды жүйелі кіріктіру, мектептегі қажетті жағдайларды талдап тексеру, нақты түзету бағдарламаларын, оқыту стратегияларын, баланың адекваттық ерекшеліктерін және барлық жағдаяттарды қалыпты ортаға енгізу технологияларын іріктеу. Консилиум маңызды құзыреттілігі болып табылатын инклюзивті тәжірибенің нақты міндеті – ерекше оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және жалпы педагогикалық міндеттерді анықтау.

Ерекше оқыту қажеттілігі бар тұлғаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде инклюзивті білім берудің теориялық-методологиялық негізі отбасы рөлі арқылы ашылады. Ата-аналармен өзара әрекеттесу – кәсіби әдептілікті, төзім және психологиялық білімді талап ететін педагогикалық іс-әрекеттің жетілген түрі. Жеке тұлғаның дамуындағы бұзылыстарды түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналардың қатысуы және олардың тарапынан қолдау көрсету мәселені айрықша табысты еңсеруге ықпал етеді. Балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеуде ата-аналардың рөлі орасан зор.

Тақырып 4. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламалары мен оқу материалдарын бейімдеу әдістемесі

Инклюзивті білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып оқушылардың оқудағы қажеттіліктерін ескере отырып оқу процесін нәтижелі ұйымдастыру, білім алу жағдайларын жасау табылады. Ерекше назарды инклюзивті сыныптарда оқыту процесін қамтитын оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына аудару керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы мектептерде оқытуды қолдайтын, қалыпты сыныптардың мұғалімдерінің ойынша балаларға, оқу бағдарламасын меңгеруде қойылатын талаптарды жеңілдету керек. Олар, балалардың танымдық процестеріне сүйене отырып көмек беру қажеттілігін түсінгенімен, инклюзия жағдайында оқу процесін ұйымдастырумен байланысты арнайы білімдерді меңгермеген. Яғни, мұғалімдердің мүмкіндігі шектеулі балаларды сегрегациялық оқытуға бағытталуы мен білімдердің қолжетімділігін қамту қажеттілігін түсіну арасында қарама-қайшылық бар. Тәжірибеде оқу үлгермеушілігі мәселесі пайда болады, өйткені даму аутқушылығы жағдайында оқу материалын меңгертуге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер дұрыс пайдаланылмайды. Арнайы білімдері жоқ мұғалімдер, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек беруде, педагогика және бастауыш, негізгі орта білім беру әдістемесі тәжірибесінен әдіс-тәсілдерді, бағыттарды пайдалануға мәжбүр. Мұғалімдер оқу тапсырмаларының мазмұнын жеңілдету мен ата-аналардың көмегіне жүгінгенді дұрыс көреді. Нәтижелердің жоқтығы түсінбестікке әкеледі, мұғалімде мүмкіндігі шектеулі бала оқуға қабілетсіз деген пікір қалыптасады, ал бала өзін жайсыз, шеттетілген және «қажетсіз» деп сезінеді. Оқу қиындықтарының басымдылығы, психикалық кері жауаптардың (қозу немесе тежелу түрінде) адекватсыз көріністерімен толықтырылу жағдайында, мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін күшейтеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жасалатын жағдайлар, даму бұзылыстарын түзету мен әлеуметтік бейімдеу жолдары қарастырылған Стандарт бойынша инклюзивті мектептерде оқу процесі іске асырылады. Еске салу қажет, инклюзивті білім беруде жалпыға білім беру мектебінің баланың дамуына немесе дайындық деңгейіне қандай да болмасын талаптар қоюға құқығы жоқ. Мүмкіндігі

шектеулі балалар жалпыға білім беру сыныбында басқалармен қатар, қосымша үздіксіз түзету көмегін алу арқылы оқып, тәрбиелену жағдайында инклюзивті білім беру процесі іске асырылады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады: жекетұлғалық нәтижелер; жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер; пәндік нәтижелер. Жекетұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелік, әлеуметтену және рухани-адамгершілік, шығармашылық және физикалық даму деңгейлерін психологиялық мониторингі арқылы бақыланып, оның портфолиасына жинақталады. Жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобаларын орындау, сонымен қатар басқа да зерттеу іс-әрекеттері түрлерінен жетістіктерімен анықталады, оның портфолиосына жинақталады. Пәндік нәтижелер білім алушының орта білімнің негізгі мазмұнын меңгеруде көрініс табатын білімділік пен іс-әрекеттік дайындықтарымен анықталады.

Даму бұзылыстары бар оқушылардың психикалық іс-әрекетінің даму ерекшеліктері оқу жоспарларын модификациялауды, ерекше бағдарламаларды пайдалануды, оқу материалдарының көлемі мен оны өту жылдамдығын өзгертуді талап етеді.

Білім бағдарламаларын бейімдеу жұмыс жалпыға білім беру мектебінің әкімшілігі мен педагогтарының инновациялық іс-әрекеті болып қарастырылады. Сонымен қатар, жаңашылдығы мен күрделігіне қарамастан, бұл жұмыс барлық білім алушылардың құқықтарын теңестіреді. Жалпыға білім беру мектептерінің мұғалімдері даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мазмұнын білулері тиіс, сондықтан арнайы жалпыға білім беру мектептерінің «түзету компоненттеріне» жатқызылатын пәндерді қарастыру керек.

Арнайы жалпыға білім беру мектептері оқушыларына Стандарт талаптарына сай білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгерту мақсатымен типтік оқу жоспарларында білім беру мерзімі ұзартылған, ал нәтижелі өмірлік бағытталу, әлеуметтенулері үшін еңбектенуге даярлау сағаттары көбейтілген («Технология»). Осыған байланысты мектеп пен педагогтардың негізгі міндеттері болып, балаларды түрлі деңгейлерде оқыту міндеттерін шешу үшін білім беру бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады. Типтік оқу жоспарын бейімдеу үшін мұғалім дайындық жұмысын жүргізу керек.

Мақсатқа жету үшін инклюзивті мектептің мұғалімі келесі міндеттерді шешуі керек:

1. Инклюзивтің сыныптың барлық оқушылары білім беру бағдарламасын меңгеруі үшін жағдайлар жасау;

- білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай замануи технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, оқу жұмыстарын ұйымдастыру түрлерін қолдану;
- мүмкіндігі шектеулі балаға қажетті оқу материалын бейімдеу;
- түрлі топтағы мүмкіндігі шектеулі балаларға қажетті оқу және дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе құрастыру.

2. Мектеп қоғамына, құрдастары тобында мүмкіндігі шектеулі баланың бейімделуіне жағдай жасау:

- интерактивті тәсілдер көмегімен сабақтар, сыныптан тыс сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастыру;
- әр баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, өзін-өзі таныту қажеттілігін іске асыруға, мектептің, сыныптың өміріне қатыстыруға бағытталған жұмыс жүргізу;
- балалардың оқу жетістіктерін, оқу және сыныптан тыс іс-әрекет нәтижелерін адекватты бағалау тәсілдерін қолдану.

Ерекше балалар үшін қолайлы орта: Ерекше балалар үшін тазалық орындары, пандустар, лифт, қабырғадағы тұтқалар, арнайы үстелдер, қозғалуға икемді орындықтар, вертикализаторлар, коляскалармен жабдықталған. Психологпен жұмыс жасауға арналған сенсорлық бөлме қарастырылған. Сенсорлық бөлмеде өзін толық қауіпсіз аймақта сезінеді, оның психофизикалық күйінің жақсаруы пайда болады, сонымен қатар жұмыс істеу қабілеті жоғарылайды. Тірек қимыл аппараты бұзылған балалар сенсорлық бөлмені пайдалану арқылы баланың есту, ұстап көру қабілетін арттыруда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ұсақ моториканың жетілуіне құм терапиясының әсері бар. Жүйке жүйесіне жеңіл әсер ететін, тірек-қимыл аппаратының бұлшық еттерінің босаңсынуына әкелетін бұлттан шыққан жаңбыр тамшыларының ойнақшыған сәулелерінен түрлі түсті шамдардың жарқырауы, көпіршікті аквариумдағы балықтар осының барлығы баланың көңіл күйіне әсер беріп, педагог талаптарын әп-сәтте орындалуына әкеліп соғады.

Тіл кемістігін түзете-дамыта жұмыс жасайтын логопед маманы, танымдық қабілеттерін дамытуға, сезу, түйсіну, қоршаған орта туралы түзете дамыта жұмыстары үшін дефектолог, түрлі жаттығулар жасайтын ЕДШ маманы бар. Әр маман жүктемесіне, өз бағдарламасы бойынша аптасына екі рет 20 минуттан жеке түзету - дамыту жұмыстарын жүргізеді. Жетелеуші мұғалім оқу процесі кезінде балаға түсіндіру, қайталау, жаза алмаса қолынан ұстап жазғызу жұмыстарын және өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын жағдайда оқушыға қажеттіліктерін өтеуге көмектеседі. Ерекше жағдайдағы оқушылардың қала ішінде жүріп – тұру қозғалысын жеңілдету мақсатында инвентарилер жұмыс жасайды.

Сақтандыру-қамқорлық тәртібі. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қатысты қамқорлық пен сақтандыруды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру қажеттілігі олардың орталық жүйке жүйесінің жетілуі мен қызмет етуінің кемістігі, сонымен қоса соматикалық әлсіздігімен байланысты. Соның салдарынан оқушылар дене қызметі мен ойлау жүйесіне күш түсуінен тез шаршап әлсірейді. Ал ол балалардың соматикалық саулығы мен оқу қарекетінің нәтижесіне кері әсер етеді. Қамқорлық сақтық-педагогикалық тәртібіне келесідей факторлармен жетеді: сыныптың аз толымдылығы; оқушының барлық мектеп қауымдастығын қабылдауының психологиялық жайлы ортасын қалыптастыру; оқушымен жеке және топтық оқу іс-әрекетінде жетістіктерін қамтамасыз ету; эмоционалды олқылық, психофизикалық жүктеменің алдын алу; психологпен арнайы релаксациялық, психотерапиялық сабақтар; әр сабақ барысында (20-25 минутта) емдеу-түзету іс-шараларымен 5 минуттық динамикалық үзілістер өткізу; ауысым арасында (әр сабақ арасында 10 минуттан кем емес және үшінші сабақтан кейін 20 минуттық үзіліс);

оқушылардың жұмысқа қабілеті мен қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, сынып бөлмелерін ерекше безендіру.

Тақырып 5. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және тәрбиелеу: мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, қосымша білім, кәсіби бағдар

Әлеуметтендіру – барлық әлеуметтік үрдістердің жиынтығы, оның арқасында жеке тұлға әлеуметтік рөлдер мен мәдени нормаларды меңгере отырып, оған қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қызмет атқаруға мүмкіндік беретін білім, ереже және құндылықтар жүйесін меңгереді және жаңғыртады. Әлеуметтендіру үрдісі өмір бойы адамның қызметінде, қарым-қатынасында және өзіндік санасында жүзеге асырылады.

ЕБҚ балаларды отбасылық тәрбие беруге әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелерін зерттеу әрбір проблемалық жағдаятқа жеке-дара қарауды талап етеді. Баланы отбасында әлеуметтендірудің ықтималдық үлгілері (О. Н. Юлдашева): бірінші үлгі – тума стигмасы бар жеке тұлғаларға қатысты, олар өздерінің кеміс жағдаятына сіңіп, оның қысым көрсетуші стандарттарын меңгереді; екінші үлгі – отбасының өз баласы үшін қорғаныс қабатын құру, қоғам мен оның стандарттарынан қашықтықта болу қабілетіне негізделеді; үшінші үлгі – жеке тұлға стигманы кешірек иеленді немесе оның бұрыннан болғанын білді. Бұл жеке тұлға үшін өзін бұрын дағдыланғандай етіп қабылдау қиын, ал қоршағандарға – оған кәдімгі достық қарым-қатынас жасау қиындық туғызады; төртінші үлгі – жеке тұлға өзін қоршаған адамдар үшін дұрыс болып табылатын жаңа өмір сүруге дайын.

ЕБҚ балаларға отбасылық тәрбие беруді әлеуметтік-педагогикалық қолдау – балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасау мақсатында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасылар үшін қиын өмірлік жағдаяттарды шешудің жеке траекториялар құру бойынша педагогтердің ата-аналармен кешенді және мақсатты өзара әрекеттері. Отбасыға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету: ата-аналардың өздері, баланың өзіне де дербес болуға көмектесе алатын, сонымен қатар, бала тек қана ата-анасы мен жақын туыстарын ғана көрмей, оның араласатын ортасын кеңейту үшін ата-аналарды тәуелсіз өмірдің философиясымен, қолданыстағы заңнамамен, оңалту құралдарымен таныстыру; мектеп пен отбасының ынтымақтастығы көпаспектілі, көпдеңгейлі міндет ретінде.

Кәсіптік бағдар – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру. Білім алушыларға білім алуды жалғастыру немесе жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат беру, бірінші кезекте аталған аумақта орналасқан кәсіби білім беру мекемелерімен таныстыру, әртүрлі жалпы білім беретін мекемелердің жүзеге асыратын бейінді оқыту бағдарламалары туралы ақпарат беру, аумақтағы еңбек нарығының жай-күйі және даму болжамдары туралы ақпарат беру. Аталған бағытты жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылар өзінің білім алу болашағын жоспарлау үшін қажетті ақпараттық ресурстарды және осындай ресурстармен жұмыс істеу тәжірибесін алады.

Бейіналды курстардың мазмұнын игеру білім алушыға адам қызметінің белгілі бір саласында «күшін сынауға» мүмкіндік береді. Аталған бағытты жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылар қызмет ету әдістерін меңгеру, адам қызметінің белгілі бір саласына тән пәндер мен үрдістерді оқу және түрлендіру, сонымен қатар жауапты таңдауды іске асыру тәжірибесін алады.

Білім алушының өзінің білім алу траекториясын жобалауға психологиялық-педагогикалық қолдау кеңес беруден, бейіналды курстарды меңгеру мониторингінен, алынған нәтиженің рефлексиясын ұйымдастырудан, олардың өзі-өзі тануынан, алынған ақпарат пен білім алушылардың ұнатқан бағытының ара қатынасын белгілеуден құралады. 9-сынып оқушысы өзінің болашақ қызметіне қатысты саналы ұстынымын қалыптастыру үшін таңдау (курстар, практика, қызмет бағыттары.) жасауға қажетті жағдайлар жасау көзделеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау алғашқы екі бағытқа қатысты және бейіналды даярлықтың осы бағыттары мен білім алушының ұнатқан бағытының арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Нәтижесінде білім алушылар өзінің алдағы (кәсіби немесе жалпы) білім алуы немесе еңбек етуі туралы принципиалды шешімін қабылдайды. Білім алушылардың өзін-өзі тану мен өзін-өзі анықтауды кәсіби деңгейде ұйымдастырылған үрдістерінің нәтижесі және таңдау курстары нәтижелерінің рефлексиясы; ұнамды қызмет түрін таңдау қиындық туғызған жағдайдағы ұсыныстар осы шешімге негіз болады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай кәсіби өзін-өзі анықтау мен бағытты қалыптастыруда білім алушыларға қарқынды, арнайы ықпал етуді талап етеді. Кәсіби өзін-өзі анықтау өзін-өзі анықтаудың жалпы механизмінің жекелігі болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі анықтауы оның ерігі мен қалауларына тәуелді емес, бірақ онымен өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес бағаланатын сыртқы факторлармен белгіленеді. Кәсіби бағыттың мазмұны жас ерекшеліктерін және жаңадан пайда болған мәселелерді ескереді. Мамандықты дұрыс таңдау уәждеме, қабілеттілік және қажеттілік сияқты үш фактордың үйлесуін көздейді және қалаймын + қолымнан келеді + қажет = таңдаймын формуласымен беріле алады.

Кәсіби бағдар – тәрбие және білім беру жұмысының арнайы ұйымдастырылған жүйесі, ол білім алушылардың кәсіби бағытын, олардың қоғамдық қажеттіліктерін ескере отырып, мамандықты саналы таңдай білу қабілетін қалыптастыру және таңдау жасауда өзі-өзі анықтауда көмек көрсету мақсаттарын қояды. Кәсіби бағдардың мәні «білім алушыларды барлық мүмкін болатын мамандықтармен таныстыру, кәсіби қызығушылық ояту және оларды қалыптастырумен» анықталады (Л.А.Йовайша).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасына тарту. Қосымша білім – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі. Қосымша білім беру жүйесінің мақсаты – жеке тұлғаны таным мен шығармашылыққа ынталандыруды дамыту, қоғамның әлеуметтік сұранысына сәйкес қосымша бағдарламалар мен қызметтерді іске асыру. Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру кезінде мынадай басымдықты қағидаттарға сүйенеді: баланың

қызметтің түрлері мен салаларын еркін тандап алуы; баланың жекебасты қызығушылығына, қажеттіліктеріне, қабілеттеріне бағдарлану; баланың өзіндік айқындалуы мен өзін өзі жетілдіруінде еркіндік беру мүмкіндігі; оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығы; білім беру процесінің практикалық-қызметтік негізі. Аталған қағидаттар балаларға қосымша білім берудің негізін құрайды, ол гуманистік педагогиканың: адамның бірегейлігі мен өзіндік бағасын, оның өзін өзі жетілдіру құқығын тану, педагог пен баланың жеке тұлғалық-теңқұқылық ұстанымы, оның мүдделеріне бағдарлану, оның бойынан құрметтеуге лайық жеке тұлғаны көре білу сияқты басты қағидаттарына сәйкес келеді.

Нақты анықталған «келешекке жоспарлар» ұзақ мерзімді мақсаттарды дұрыс белгілеуге көмек бере алады. Келешекке жоспарды анықтау үшін келесі сұрақтарға жауап алу керек:

1. Қандай іс-әрекетті орындау балаға ұнайды? Ол белсенділіктің ұзақ мерзімді нәтижелері қандай?
2. Бала не туралы армандайды? Келешекке оның жоспарлары қандай?
3. Баланың ата-аналарының келешекке жоспарлары қандай? Олар баласы үшін не туралы армандайды?
4. Мектепті бітірген соң бұл оқушы кім болады?
5. Баланың келешекке бақытты және толыққанды өмір сүруін қалай елестетесіз?
6. Егер баланың келешекке жоспарларының орындалуына кедергі болса, оны қалай жоюға болады?

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсаттарына негізгі үш міндетті шешу арқылы қол жеткізуге болады: балаларға қосымша білім беруді дамытуға жағдайлар жасау; балалардың кәсіби бағдарлануы мен өзіндік айқындалуының құралы ретінде қосымша білім берудің сапасы мен үздіксіздігі; мемлекеттік-қоғамдық басқаруды, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, бизнестің және азаматтық қоғамдастықтың әлеуметтік әріптестігін дамыту. Осылайша, әлеуметтік тапсырысты іске асыра отырып, балаларға қосымша білім беру, мүмкіндіктер мен ресурстарды біріктіре отырып, ведомстволық, аумақтық бағыныстылығына қарамастан, әртүрлі салалардың, аялардың субъектілерімен белсенді және тікелей өзара іс-қимылда дамуы тиіс.

Тақырып 6. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және өңдеу тәсілдері

Педагогтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар. Инклюзивті, яғни шеттетпейтін білім беру идеяларын жүзеге асыру үшін педагог арнайы кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы тиіс. Е.Ямбург, С.Забрамная оларға келесілерді жатқызады:

1. Балаларды шынайы оқу мүмкіндіктеріне, тәртіп ерекшеліктеріне, психикалық және денсаулығының жағдайына тәуелсіз қабылдауға дайын болу.
2. Дарынды, қалыпты, дамуында ерекшеліктері бар кез келген балаға көмек көрсетуге дайын болу сынды кәсіби ұстаным.
3. Педагогикалық бақылау жүргізу іскерлігі.
4. Бақылау барысында балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі қиындықтарды анықтау қабілеті.

5. Педагогикалық тәсілдермен балаға атаулы көмек көрсету қабілеті...

6. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысы аясында басқа мамандармен өзара әрекеттесуге дайын болу.

7. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының құжаттарын түсіне білу.

8. Басқа мамандармен баланы дамытудың жеке бағдарламасын жасау іскерлігі.

9. Түзете-дамыту жұмысының арнайы әдістерін меңгеру.

10. Баланың даму динамикасын қадағалау іскерлігі.

11. Балалар ұжымында қабылданбай жүргендерді қорғай алу біліктілігі.

12. Ұжымда балалар арасындағы қарым-қатынасты реттеу қабілеті.

13. Бала дамуы мен оны оқыту үрдісінде туындайтын қиындықтарды шешуде ата-анамен өзара әрекеттесе алу іскерлігі.

ЕБҚ балалар сапалы білім алуға құқылы. Баланың әлеуетті даму аймағына бағдарланған мақсаттар алған білім нәтижелеріне сәйкес келсе, онда ол сапалы болып танылады. Яғни, ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен күнделікті жұмыс істейтін мұғалім тек педагогика мен әдістеме саласында ғана емес, жас ерекшелігі мен педагогикалық психология туралы білуі керек, оның жақын арадағы даму аймағын анықтай білуі және оқушы іс-әрекетін бақылай алуы қажет. Осы орайда, педагогқа оқушылармен кері байланысты орнатуға мүмкіндік беретін интербелсенді оқыту әдістері көмектеседі. ЕБҚ балаға әр сабақ сайын рефлексия жасатып отырған жөн.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мұғалімнен өзінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыра отырып, бір-бірімен байланысты салалардың білімін тез меңгеруді талап етеді. Себебі, ерекше білім беруге қажеттіліктерді қанағаттандыру мамандардың пәнаралық өзара әрекеттестігін қарастырады. Педагогикалық міндеттерді айқын түсіну мұғалімге балалардағы қиындықтарды ғана емес, сондай-ақ өзінің кәсіби ісіндегі қиындықтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытатын педагог бастамашыл, қайратты, ізгі ниетті және әдепті болуы керек. Оған қазіргі замандағы адамның, оның ішінде өмірлік әрекеті шектелген адамның рөлін гуманистік бағалау тән. Педагогтің практикалық әрекеті денсаулық жағдайына кері әсер ететін кәсіби зияндылығы бар мамандықтар қатарына жатады. Осыған байланысты, денсаулығында ауытқуы бар адамдар үшін берілген еңбек түрінің кері көрсеткіштері бар. Арнайы педагогтың еңбегі көру, есту, жүйке, жүрек-қан тамыр және иммундық жүйелердің денсаулық жағдайына жоғары талаптар қояды.

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану ХХІғ. «білім барлығы үшін» және «өмір бойы білім алу» қағидаларына сай жүзеге асырылады.

Ерекше білім қажеттілігі бар балалар психологиялық тұрғыдан қалыпты адамдардың әлеміне тез сіңіп кете алмайды. Ал жеткілікті білім қоры, баланың жеке жеңістері қамтылған портфолио болса, мұндай балалардың өз күшіне және мүмкіндіктеріне деген сенімдері бірнеше есе артады. Сондай-ақ, мұндай балалар оқу сабақтарының басқа кестесін қажет етеді: мысалы, сабақтың уақыты азайып, демалыс уақыты көбейеді, ауруы асқынған кезде бала сабақтарын уақытша тоқтатып қоюы мүмкін. Осыдан қашықтықтан оқытудың

келесі артықшылығы туындайды: сабақ кестесінің икемділігі. Оқушы өзінің оқыту үрдісін реттей алады. Кестені өзі немесе оқытушымен бірге құрастырады. Оқытудың аяқталуы да талқыланады, және ұялшақ немесе психологиялық тұрғыдан ұшқалақ бала осы курс бойынша сынақты жеңіл, еркін және сенімдірек тапсырады.

Мұғалім мен оқушының арасындағы көзбе-көз қарым-қатынасты алмастыру мүмкіндігінің болмауын қашықтықтан оқытудың кемшіліктеріне жатқызуға болады. Ешбір жаңа технологиялар мейірімділік танытып, баланың эмоциялық күйін бағалай алмайды, өз жұмысының жүйесін оқушы «жанып» тұратындай ұйымдастыра алмайды. Баланың өзінің мәселелерінен көңілі сергімесе, ал қасында ықыласты педагог болмаса, оқыту кереметтей нәтиже бермейді. Бала бағдарламаны меңгере алмайды, бірінші кезеңде сәтсіздікке ұшыраса, шыдамдылық пен ынталылық болмайды. Қашықтықтан оқытудың тағы бір кемшілігі – ЕБҚ баланы әлеуметтендіру үрдісі талаптарына жауап бере алмайтындығында. Қашықтықтан оқыту оқу бағдарламасын толығымен өту, жоғарырақ баға алу, түрлі деңгейдегі байқауларға, олимпиадаларға қатысудың бірден бір тиімді формасына айналуы мүмкін. Бұл білім беруге деген жаңа көзқарас – балаларды әлеуметтік бейімдеумен үйлескен оқытудың жеке тәсілі. ЕБҚ баланы денсаулық жағдайына байланысты, мысалы ұзақ уақыт науқастанған кезде, немесе оңалту кезеңінде қашықтықтан білім беру оқу бағдарламасынан қол үзіп «қарайып» қалмауды қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқыту инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үрдісінде көмекші оқу формасы қызметін атқарады.

Тақырып 7. Инклюзивті білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету: ЕБҚ оқушыларды кәсіби бақылау техникалары

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара кәсіби әрекеттестігінің формасы мектептің психологиялық-педагогикалық консилиумы (ПМПк) болып табылады. ПМПк мектеп директорының бұйрығымен құрылады. Оның құрамына логопед, арнайы педагог, психолог, дәрігер, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, тәрбиеші кіреді. Консилиум отырысы жоспарлы және жоспардан тыс деп бөлінеді.

Консилиумның жоспарлы отырыстары жылына 3-5 рет өткізіледі. Жоспарлы консилиум қызметі келесідей бағытта жүзеге асады:

- оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін талқылау;
- ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын әзірлеу;
- қажет болған жағдайда ертерек болжанған оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын өзгерту және түзете-дамыту міндеттерін жүзеге асыру табыстылығын динамикалық бағалау;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау тиімділігін бағалау.

Консилиумдардың жоспардан тыс отырыстарын білім беру үрдісін жүзеге асырушылардың бір мүшесінің, сонын ішінде білім беру ұйымдарының әкімшілігі, ата-аналардың сұранысы бойынша өткізіледі. Консилиумның жоспардан тыс отырыстарын өткізуге баланың оқуы мен дамуына кері әсер ететін басқа да жағдайлардың шығуы себеп болуы мүмкін.

Ата-аналар мен мамандар сұранысының сипаттамасы әртүрлі болуы мүмкін, қалай болғанда да онда баланың немесе педагогтың баламен өзара

әрекеттестік мәселелері көрінуі тиіс. Консилиум мүшелерінің психологиялық және арнайы педагогикалық зерделеуінің деректері негізінде мамандардың сабақ барысында және жұмыста балалармен жеке тәсілдемелерін жүзеге асыру бағыттарының ұсынымдамаларынан тұратын оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы жасалады. Бағдарламада пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерін қоса алғанда әр маманның баламен жұмыс барысындағы қатыстылық үлесі белгіленеді. Қолдаудың жеке бағдарламасына бейімдей отырып, оқу-тәрбие үрдісінде оқушыға жеке тәсілдемелерді жүзеге асырады: оқу тапсырмаларын қолжетімдігі мен көлеміне қарай іріктейді; техникалықты қоса алғанда оқытудың қосымша құралдарын қолданады.

Оқыту үрдісін дараландыру әр оқушының нақты оқу нәтижесі негізінде және танымдық мүмкіндіктеріне қарай таңдалған оқу бағдарламаларының сәйкестігі жіті бақылануы арқылы қол жеткізіледі. Білім беру салалары бойынша білім, біліктіліктерін меңгеру жетістіктерін үздіксіз зерделеу мақсатында мұғалімдерге білім беру мониторингі жүзеге асырылады. Осы білім беру мониторингі мұғалімдерге балаларды оқыту үрдісінде пайда болған білім беру олқылықтарын толықтыру, еңсеруге қажетті іс-шараларын ұйымдастыру, қиындықтарға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Осылайша оқушылардың білім алу сапасын жетілдіру үшін жағдай жасалады. Білім беру мониторингі арқылы мұғалім сыныптың әр оқушысының білім деңгейін анықтайды, сол арқылы оқушының жеке білім алу маршрутын құрады. Оқушының білім жетістіктері әр оқу жылының аяғында арнайы психологиялық-педагогикалық карточкада көрсетіледі. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылармен толық жұмысты қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының кітапханасы арнайы білім және түзете-дамыту бағдарламаларымен, арнайы оқу және әдістемелік әдебиеттермен, дидактикалық құралдармен жабдықталады.

Психологиялық-педагогикалық консилиум іс-әрекеттің келесі бағыттарын жүзеге асырады:

- ықтимал «қауіп тобын» анықтау мақсатында консилиумның барлық мамандары білім алушылардың скрининг-диагностикасын жүзеге асыруды ұйымдастырудың іс-шараларын өткізу;
- ықтимал «қауіп тобы» балаларының ішінен психологиялық-физикалық ауытқулары немесе білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтары бар балаларды анықтау; жеке диагностика өткізу және бала проблемасының мәнін анықтау;
- даму ерекшеліктері бар білім алушылар үшін жеке түзете-білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағытын таңдау;
- қолдаудың жеке бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамытушылық іс-шараларын жүзеге асыру, кеңес жұмысының бағыттарын анықтау;
- психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін қадағалау.

Аталған бағыттар бойынша әр педагог (сынып жетекші, пән мұғалімдері, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог) өзінің мамандану саласын ескере отырып жұмыс істейді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысының қағидалары.

ПМПк жұмысының негізін қалаушы қағидалар: бала тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену; диагностиканы мүмкіндігінше педагогикаландыру; ақпараттың жабықтығы; өзара әрекеттестік.

Консилиумның жұмысын ұйымдастыру үш кезеңде жүргізіледі. 1-дайындық кезең: консилиумға дайындықты әр қатысушы жеке жүргізеді. Балаға кешенді зерттеу жүргізу үшін жұмысты бастардың алдында ата-ананың келісімін алу қажет. Ата-аналардың келісімі құжатқа тіркелуі тиіс, бұл сараптамаға байланысты кикілжің жағдаяттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұдан әрі мамандар диагностикалық деректерді жинақтауды, қорытындылауды жүзеге асырады, алдын ала шешімдер мен ұсыныстарды тұжырымдайды. Диагностикалық мәліметтерге аталған нақты мәселе бойынша көптеген көрсеткіштер, мысалы: педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық, логопедтік, дефектологтық және т.б. арқылы талдау жасалады.

2-негізгі кезең. Консилиум жұмысының бұл кезеңінде жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша алқалы отырыс өткізіледі. Зерттеулер қорытындысын алқалы талқылау бала дамуының сипаты мен ерекшеліктері туралы бірыңғай көзқарас қалыптастыруға, оның бұдан әрі дамуын жалпы болжауды және қажетті түзету-дамытушылық іс-шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді. Егер консилиум дамытушылық немесе түзету жұмысының қандай түрі қажет екендігі туралы жалпы бір ортақ пікір шығармаса, немесе күтілетін нәтижелер орындалған болса, немесе дамудың тұрақты теріс динамикасы байқалатын болса, бұндай жағдайда білім алушы неғұрлым жоғары деңгейдегі кеңеске жіберілуі мүмкін. Баланың ата-анасы консилиум ұсыныстарын қабылдамаған, ата-анамен дау-жанжалды жағдаят болған жағдайда да дәл осы шараларды қолдану қажет. Неғұрлым жоғары деңгейдегі ұйымның беделі ата- анаға ықпал етудің оңтайлы компоненті болуы мүмкін.

3-ПМПк шешімдерін жүзеге асыру кезеңі: жеке бағдарлама құру; психологиялық түзету бойынша ұсыныстар; мамандар іс-әрекетін үйлестіру; қолданыстағы бағдарламаларды түзету; мәселе бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру т.б.

Консилиумның трүлері. Мақсаты бойынша психологиялық-педагогикалық консилиумдар алғашқы, жоспарлы, жедел және қорытынды деп бөлінеді. Алғашқы консилиум – балаларды ұйымға қабылдау және дамуындағы мәселені анықтау барысында жүргізілуі мүмкін. Аталған жағдайда консилиум барлық мамандардың алғашқы зерттеулері аяқталысымен өткізілуі мүмкін. Негізінен бұл психолог, логопед (дефектолог), психиатр, педагог; жекелеген жағдайларда басқа да мамандар шақырылуы мүмкін. Мақсаты: білім алушы дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін жағдайлары мен түрлерін, педагогикалық процесті психологиялық, логопедтік немесе басқа да қолдаудың қажетті түрлерін анықтау. Жоспарлы консилиумды жарты жылда бір рет өткізу ұсынылады. Мақсаты: оқыту мен түзету динамикасын бағалау, қажет болған жағдайда түзетушілік жұмысқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу, оқыту формасына, режиміне немесе бағдарламасына өзгертулер енгізу, қосымша зерттеулер тағайындау. Жедел консилиум қажет болған жағдайда педагогтың немесе кез-келген басқа маманның өтініші бойынша (ұзақ ауру, кездейсоқ

аффекті реакция, оқуда немесе түзету жұмысында кездейсоқ пайда болған басқа да мәселелер) өткізілуі мүмкін. Мақсаты: пайда болған мәселелердің себебін анықтау; кері кетудің өлшемдерін, оның тұрақтылығын, оны жеңу мүмкіндіктерін бағалау; мүмкін жүктемені анықтау; оқытудың режиміне және түріне өзгерту енгізудің қажеттілігін анықтау. Қорытынды консилиум баланы оқытудың жаңа сатысына өтуіне байланысты (мысалы, бастауыш мектептен негізгі орта білім алуға) немесе түзету жұмысының аяқталуына байланысты өткізіледі. Консилиум мақсаты: оқытудың аяқталу кезіне оқушы мәртебесіне баға беру: барлық оқу пәндері бойынша меңгерілген білім, әлеуметтену деңгейі, эмоциялық-жігерлілік және мінез-құлық жүйесінің жағдайы, жоғары психикалық қызметінің даму деңгейі; болашақта баламен жұмыс істейтін педагогтарға ұсыныстар. Қорытынды консилиум материалдары баланың психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырудың негізі ретінде қолданылады.

Тиімді және құзыретті жұмыс істеу үшін консилиумның құрамы икемді болуы тиіс. Оның құрамына тұрақты және уақытша қатысушылар кіреді. Тұрақты қатысушылар әр отырысқа қатысады, отырысты дайындауға және ұсыныстардың орындалуын бақылауға араласады. Мамандардың командалық жұмысын ұйымдастыру және мультипәндік тәсілдің жүзеге асырылуы ПМПк-ның төрағасына байланысты болады.

Тақырып 8. ЕБҚ оқушылардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету технологиясы

Ата-аналарды білім беру үрдісіне тарту (кірістіру) технологиясы. ҚР БжҒМ «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы № 524 бұйрығында (2011ж.) отбасының әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру міндеттеледі және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру тізбесі беріледі. ЕБҚ балалардың отбасы мүшелері оның ерекшеліктері туралы басқаларға қарағанда жақсырақ біледі, сондықтан да мұғалімге тиімді кеңес бере алады. Және ата-ана баланың даму үрдісіне қатысқысы келеді; бұл ұмтылыс мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау табуы керек.

Ерекше білім қажеттігі бар балалардың отбасымен жүргізілетін жұмыстың негізгі міндеттері:

- ата-аналардың баламен өзара әрекет жасау тәсілдерін, отбасы жағдайында оны дамыту-тәрбиелеу әдістерін меңгеруіне көмектесу;
- түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналарды белсенді түрде тарту;
- ата-аналарға жүйелі түрде психологиялық-педагогикалық білім беру, олардың баламен қарым-қатынасын және психологиялық-педагогикалық қажеттіліктерін зерделеу.

Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру технологиясы. Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру серіктестіктің жаңа ұстанымдары қағидасына негізделуі керек. Ерекше білім қажеттігі бар балаларды дамытуда әр тарап белгілі бір деңгейде жауапкершілікте болады. Ата-аналар мен педагогтар ынтымақтастығы келесі қағидаларға негізделуі керек: серіктесті мойындау және құрметтеу; ақпараттармен және іскерліктермен бөлісу; шешімдерді қабылдауға қатысу; баланың ерекшелігін, даралығын мойындау. Өзара

әрекеттестікті жүзеге асыру үшін білім беру ұйымына ата-аналармен жұмыстың келесі формалары ұсынылады:

- жеке сұхбат құру, әңгімелесу және кеңес беру;
- ата-аналарға арналған дәріс сағаттары;
- «ашық есік» күндері;
- тақырыптық семинарлар және өзге де іс-шаралар.

ЕБҚ баланың ата-аналары мен отбасы мүшелерін сыныптың қоғамдық өміріне жұмылдыру маңызды. Ол үшін:

- баланың даму барысы мен оқу жағдайын білу мақсатында ата-аналар мұғалімдермен жиі кездесуі керек;

- ата-аналар жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламаларын жасауға қатысуы керек;

- мұғалімдер ЕБҚ баланың даму және оқу-тәрбие жетістіктерін белгілеп отыратын «Жеке даму картасын» жүргізуі және картаның мазмұнымен ата-аналарды таныстырып отыруы керек;

- оқу мен тәрбиенің жеке бағдарламасын жүзеге асыру міндеттері мен жауапкершіліктерінің белгілі бір бөлігін ата-аналар өз мойындарына алуы керек;

- әр тоқсан аяғында ата-аналар өз балаларының оқудағы жетістіктері туралы есеп алулары керек;

- оқыту әдіс-тәсілдерімен танысу мақсатында ата-аналар сабақтарға қатысуға құқылы;

- ата-аналар мүмкіндігінше мектептің іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатыстырылуы керек;

- ата-аналар баласының үй тапсырмаларын орындауға көмектесуі керек;

- мұғалімдер мен ата-аналар оқушының мектептегі і-әрекеті және оның үйде оқуы туралы ақпараттармен алмасулары қажет;

- ата-аналар педагогтармен бірге ЕБҚ баланың сабақтан тыс уақытын ұйымдастырулары керек; денсаулық мүмкіндігіне, бейіміне және қызығушылық сипатына қарай баланы қосымша білім берумен қамтамасыз етуге тырысқан жөн (спортпен шұғылдану, үйірмелерге қатысу, т.б.);

- ЕБҚ балалардың ата-аналарын мектептің ата-аналар комитетінің жұмысына қатыстыру керек;

- ЕБҚ балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер немесе психологтар, арнайы педагог-координаторлар ата-аналарға өз балаларына білім беруде көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тәжірибелік тренингтер өткізулері керек;

- ата-аналар мұғалімдерге арналып ұйымдастырылған семинарлар мен тренингтерге қатыса алады;

- ЕБҚ балалардың ата-аналары бір-бірінен үйренуі үшін және мектепте оқыту тәжірибелерімен алмасу үшін жергілікті қауымдастықтар құра алады;

- мұғалімдер баланың туыстарының ортасында қалай өзін өзі ұстайтынын білу үшін отбасына барып тұру керек;

- екі тараптың (мұғалім мен ата-ана) өзіне алған нақты міндеттерін реттейтін жазбаша келісім-шарт жасау мүмкіндігін қарастыру.

ЕБҚ балалардың ата-аналарының (заңды өкілдері) құқықтары:

- жеке білім беру және түзету бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатыса алады;
- оқу және түзету сабақтарына қатыса алады;
- консультациялық көмек ала алады;
- түзете дамыту және білім беру үдерісін жүргізу нәтижелері туралы толық және нақты ақпарат ала алады.

Тақырып 9. ЕБҚ баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасау технологиясы.

Инклюзивті оқыту жағдайында жеке білім беру бағдарламасын құру ерекшеліктері

Жеке білім беру бағдарламасының міндетті компоненті: баланың қысқаша психологиялық-педагогикалық мінездемесі, түзете-дамыту жұмысының мақсаты мен міндеттері, бағдарламаның мазмұны, сонымен бірге баланың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (олар баланың психофизиологиялық дамуының көрсеткіштері негізінде жеке білім беру бағдарламасы мазмұнының толық іске асырылуын бағалауға мүмкіндік береді). Жеке білім беру бағдарламасының құрылымы келесі өзара байланысты бөлімдерден тұрады:

1. Титулдық бет: мекеменің аталуы жазылған, бағдарламаның бағыты, іске асырылу мерзімі, бағдарлама арналған тұлға (аты-жөні, оқу жылы), басшымен бекітілуі туралы, ата-аналар мен мектептің ПМПК төрағасымен келісімі туралы, жеке білім беру бағдарламасының орындалуына жауапты маманның аты-жөні, қолы.

2. Түсініктеме хат: баланың қысқаша психологиялық-педагогикалық мінездемесі – қалыптасқан және қажетті деңгейде қалыптаспаған іскерліктері мен дағдылары; жеке білім беру бағдарламасының құрылымы, мақсаты мен міндеттері.

3. Жеке оқу жоспары. Жеке оқу жоспары үш негізгі бөлімдерден тұрады:

- білім беру компоненті;
- түзету компоненті – қолдау көрсететін мамандардың (логопед, дефектолог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері) оқушылармен жүргізетін түзету жұмысының бағыттары, түрлері, әдістері, тәсілдері, мұғалім мен ата-аналарға жасаған ұсыныстары;

- тәрбиелік компонент – сынып жетекшісінің оқушының ата-аналарына арналған ұсыныстары.

4. Білім алушының жетістіктерінің мониторингі (білім алушының психикалық және психологиялық дамуындағы өзгерістер мен негізгі құзырлықтарының қалыптасу нәтижелері).

5. Қорытынды мен ұсыныстар – мұнда аралық анықтау жұмысының нәтижелері бойынша енгізілген түзетулер түсіндіріледі және жалпы жеке бағдарламаның іске асырылуы туралы қорытынды жасалады, әрине бұл жұмыс оқу жылының соңында қорытынды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасын бейімдеу шеңберінде жеке білім беру бағдарламасын (жоспарын) құрастыруда мұғалімнің іс-әрекетіне келесі жұмыс түрлері кіреді:

1. Педагогикалық анықтау.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаға оқу пәнін немесе пәндерін меңгеруге көмек беру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.

3. Мүмкіндігі шектеулі бала меңгеруі тиіс, маңызды, негізгі дидактикалық бірліктерді, әмбебап оқу әрекеттерін анықтау мақсатымен пән бойынша (білім алу аймағы) білім беру бағдарламасын талдау.

4. Пән бойынша календарлық-тақырыптық жоспарлау, әр тақырып бойынша дидактикалық бірліктер, әмбебап оқу әрекеттерін анықтау, тақырыптар мазмұнын арнайы жалпыға білім беру мектептерінің бағдарламаларымен салыстыру.

5. Мүмкіндігі шектеулі бала меңгере алатын деңгеймен сәйкес сабақ тақырыбының мақсаты мен міндеттерін қою.

Жеке оқу жоспарымен жұмыс жүргізбес бұрын, педагог түрлі мамандардың балаларды анықтау жұмысының нәтижелерімен танысуы керек:

- ерекше қажеттіліктердің сипатын анықтау үшін;
- оқушының өзекті даму деңгейін білу үшін;
- баланың жеке мүмкіндіктерін, «жақын арадағы даму аймағын» білу үшін.

Жеке оқу бағдарламасын құрастыру процесінде оның иерархиялық табиғатының құрылымын білу пайдалы. Бұл бағдарлама ауқымды мақсаттар мен міндеттерді нақтылаудан басталып, нақты оқытудың «технологиялық» міндеттеріне бағытталады.

Жоспардың құрылымы нақты блок-сызба түрінде ұсынылады:

- оқушының оқу жоспарлары мен келешектен «күтулері»;
- кешенді бағалаудың қорытынды нәтижесі;
- ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау;
- іс-әрекетті қалыптастыру міндеттері;
- оқытудағы инклюзивті стратегиялар мен бағыттар;
- бағдарламаны қайта қарастыру мен мониторингті өткізу уақыты мен стратегияларын анықтау.

Кешенді бағалаудың қорытынды нәтижесі – жүргізілген барлық бағалау түрлерінің қысқа, жалпы қорытындысы. Бұл құжаттың көлемі 1 беттен аспауы керек.

Ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау – барлық бағдарламалардың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл мақсаттар бала нақты уақыт кезеңінде жетуі тиіс көрсеткіштерді анықтайды. Кезеңнің ұзақтығы өзгермелі бола алады, бірақ, ол бір оқу жылымен шектеледі. Қазіргі уақытта көп мектептер ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтауда осы уақытқа негізделеді. Егер оқу процесі жылдам жүргізілсе, кейбір жағдайларда бұл кезең 6 аймен немесе 3 аймен шектеледі.

Іс-әрекетті қалыптастыру міндеттері – бала үшін анықталған ұзақмерзімді мақсаттарға негізделеді, олар мақсаттарға жету үшін қандай әрекеттер жасау керектігін көрсетеді.

Жетістіктер индикаторларын жеке оқыту бағдарламасында анықтап, белгілеу қажет, өйткені олар арқылы жетістіктерді өлшеу процесінің бағытын анықтауға болады. Индикаторлар жағымды іс-әрекетті қалыптастыруда қандай құралдар, нәтижелерді өлшеуде қандай әдістер қолданылатынын, осы процесте

қандай уақыттық көрсеткіштер қарастырылатынын анықтайды. Жетістіктер индикаторларын құрастыруда назар аудару қажет:

1. Жетістіктер көрсеткіштерін өлшеу қанша рет жүргізіледі?
2. Өлшемдер мен бағалауды жүргізуге кім жауапты болады?
3. Оқу уақытының қай кезеңі өлшемдерді жүргізуге қолданылады?

Оқытудағы инклюзивті стратегиялар мен бағыттар – жалпыға білім беру сыныбының инклюзивті ортасында қолдануға қажет, жеке оқу бағдарламасының мақсаттарына жеткізетін педагогикалық технологияларды құрастыруға бағытталған жоспардың бөлімі. Бұл бөлім сынып кеңістігінің ұйымдастырылуынан, сабақта жұмыс топтарын қалыптастырудан, сыныптың жалпы оқу жоспарымен байланыстардан, оқыту модельдерін қалыптастырудан тұрады.

Жеке оқыту бағдарламасының қорытынды бөлімінде бағдарламаны қайта қарастыру жұмысы қалай жүргізілетіні, оның орындалу мониторингі қалай өткізілетіні анықталады. Бұл бағдарламаның өте маңызды аспектісі, өйткені ол қажет болған жағдайда қайта қарастырылады және өзгертіледі.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес (1-кесте) ұйымдастырылады. 80 сағаттық курстың оқу үрдісін ұйымдастыру «Құқықтық-нормативтік модуль», «Психологиялық-педагогикалық модуль» және «Әдістемелік-технологиялық модуль» деп аталатын 3 модульды қамтиды. Сабақ түрлері оқытудың негізгі формалары – дәрістер мен практикалық сабақтардан тұратын аудиториялық оқу, тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары және өндіріс базасында өтетін көшпелі-тәжірибелік семинарлар (КТС) болып табылады. Курстың құқықтық-нормативтік модулінде ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың, оқу қиындықтарының себептеріне байланысты, 2 тобын айқындау қағидалары және білім беру ұйымдарында ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі талданады. «Құқықтық-нормативтік модульдің» жалпы көлемі – 12 сағат.

«Психологиялық-педагогикалық модульде» ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдастыру шарттары қарастырылады: кедергісіз кеңістік, қауыпсіз орта, тиімді әлеуметтену, еркін даму, табысты оқу. Сондай-ақ, ерекше баланың оқу жетістігінің кілті болып табылатын – білім беру бағдарламалары мен оқу материалдарын бейімдеу әдістемесі де осы модульде талданады. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, қосымша білім беру, кәсіби бағдар іс-шаралары арқылы, ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және тәрбиелеу міндеттері «Психологиялық-педагогикалық модульді» аяқтайды. Жалпы көлемі – 28 сағат.

Курстың «Әдістемелік-технологиялық модулінде» оқушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау мен бағалау технологиялары және инклюзивті білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету әдістемесі қарастырылады. Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтары, ассистент-педагогтары, сынып жетекшілері және пән мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметіне қосатын кәсіби үлестері талданады. Әдіскерлер мен педагог-психологтар ЕБҚ оқушы үшін жеке бағдарлама әзірлеу әдістемесін жасауға жаттығады. Тыңдаушылардың ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету іскерлігін жетілдіру шарттары талданады. Модульдың ұзақтығы 34 сағат.

1-кесте: курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	МАЗМҰНЫ	Академиялық сағат саны, сабақ түрі				
		Дәріс	Тәжір.	ТӨЖ	КТС	Барл.
I. Құқықтық-нормативтік модуль		4	4	4	-	12
1	Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты, ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды айқындау қағидалары.	2	2	2	-	6
2	Білім беру ұйымдарында ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі.	2	2	2	-	6
II. Психологиялық-педагогикалық модуль		6	8	8	6	28
1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдас-тыру шарттары: кедергісіз кеңістік, қауыпсіз орта, тиімді әлеуметтену, еркін даму, табысты оқу. бағдарламалардың маңызы.	2	4	2	-	8
2	Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламалары мен оқу материалдарын бейімдеу әдістемесі	2	2	4	6	14
3	Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және тәрбиелеу: мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, қосымша білім, кәсіби бағдар	2	2	2	-	6
III. Әдістемелік-технологиялық модуль		8	12	14	-	34
1	ЕБҚ балалар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және өңдеу тәсілдері	2	2	2	-	6
2	Инклюзивті білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету: ЕБҚ оқушыларды кәсіби бақылау техникалары	2	2	4	-	8
3	ЕБҚ оқушылардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету технологиясы	2	4	2	-	8

4	ЕБҚ баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасау технологиясы	2	4	6	-	12
Қорытынды аттестация		6				
Барлығы		18	24	26	6	80

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың оң нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау «Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемесі» біліктілікті арттыру курсының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, жеке бағдарламада ерекше білім қажеттігі бар балалардың жеке білім траекториясы қаншалықты оқушы ерекшеліктеріне (диагноз, көріну дәрежесі, бағалану тобы, т.б.) сәйкес жасалғаны және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының әлеуеті толық жұмылдырылғаны бағаланады.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – А., 2007. (2023.16.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Білімді ұлт – сапалы білім беру ұлттық жобасы: ҚР Үкіметінің 12.10.2021ж. № 726 қаулысымен бекітілген. – Астана, 2021.
3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары: ҚР БжҒМ 12.01.2022ж., №4 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде тіркелуі 24.01.2022ж., №26618). – Астана, 2022.
4. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы: ҚР БжҒМ 12.01.2022ж., № 6 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде тіркелуі 18.01.2022ж., № 26513). – Астана, 2022.
5. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары: ҚР ОАМ 25.08.2022ж., № 377 бұйрығы (толықтырылған нұсқасы – 29.06.2023). – Астана, 2023.
6. Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.
7. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары: ҚР БжҒМ 24.11.2017ж. № 592 бұйрығы. – Астана, 2017.
8. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған негізгі орта мектепте білім берудің (жаңартылған мазмұнда) үлгілік оқу жоспарлары: ҚР БжҒМ 18.08.2017ж. №422 бұйрығы. – Астана, 2017.

9. Бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптарының мүмкіндігі шектеулі білім алушыларына арналған, жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары: ҚР БжҒМ 27.07.2017ж. № 352 бұйрығы. – Астана, 2017.
10. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптарының мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламалары: ҚР БжҒМ 20.09.2018ж. № 469 бұйрығы. – Астана, 2018.
11. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.
12. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
13. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. – А., 2016. – 51б.
14. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. – А., 2019. -240б.
15. Алтаева Г. Ж. Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. – Щучинск, 2015.
16. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.
17. Елисеева И.Г. Планирование процесса обучения математике школьников с нарушением. В пяти частях. Методические материалы. – Алматы. САТР. 2010. – 152 с.
18. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана. НАО. 2013. – 80 с.
19. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.
20. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы, 2019. – 112с.
21. Байғалиева А.А. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың педагогикалық-психологиялық шарттары // Алтынсарин оқулары: «Инновация, білім, тәжірибе – білім беру жолының векторлары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 697-700 бб.

ҚОСЫМША-1

Бағдарламаның бірегей туынды екенін растайтын куәлік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2024 жылғы «30» сәуір № 45244

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
ОСПАНБАЕВА МАХАББАТ ПЕРНЕБАЕВНА

Авторлық құқық объектісі: **құрамдас туынды**

Объектінің атауы: **БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ: Ерекше білім қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық көзделу қызметінің әдістемесі**

Объектіні жасаған күні: **30.08.2023**

Құқық қорғаушының: <https://www.kazpatent.kz/>
"Авторлық құқық" қорғаушысы болса да: <https://copyright.kazpatent.kz/>

Подлинность документа можно проверить на сайте kazpatent.kz
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz/>

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Оспанов

Бағдарламаның бәсекеге қабілетті екенін растайтын келісімшарт (соңғы бет)

CONSULTANCY CONTRACT	ДОГОВОР НА КОНСУЛЬТАЦИОННЫЕ УСЛУГИ
On this day of 22 May 2024 between: Savvy Business sLTD with legal address at 16A Gen. Parensov str, 1142, Sofia Bulgaria, Registration number: 131500524, acting through its branch in the Republic of Kazakhstan “SAVVY BUSINESS sLtd. Branch of Kazakhstan” BIN: 200641011261, with legal address at 20/1, Turkestan str. Apt. 32, Yesil District, Astana, Kazakhstan, represented by Ana Maria Tutea, director, hereinafter called as “Savvy”, on the one part, and Ospanbayeva Makhabbat, citizen of the Republic of Kazakhstan, born on November 19, 1968, with ID No: 055192561, issued by the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, on 15.12.2023., INN 681119401768, resident of 44, Zhilisbayeva street # 44, Taraz, the Republic of Kazakhstan, hereinafter called as the “Consultant” on the other part The present contract was concluded as follows: Whereas Savvy Business sLTD (BG) operating in Kazakhstan through “SAVVY BUSINESS sLTD Branch of Kazakhstan” is a member and leader of the consortium Savvy Business sLTD – National and Kapodistrian University of Athens has been awarded and signed a service contract for the project with the title “Consulting Services for Inclusive Education Model Development and Training”, Reference No: KZEMP/QCBS-012 (hereinafter referred as the “PROJECT”) by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred to as the “Client”) under the World Bank Programme with the title: Education Modernization Project and Project ID: P153496. This Project falls under Component 2 - Supporting rural and disadvantaged schools to reduce disparities in learning results, i.e. Subcomponent 2.3 “Supporting Inclusive Education”.	В этот день 22 мая 2024 года Savvy Business sLTD с юридическим адресом: ул. Ген. Паренсов, 16А, 1142, София Болгария, регистрационный номер: 131500524, действующая через свой филиал в Республике Казахстан “САВВИ БИЗНЕС сЛТД. Филиал в Казахстане” БИН: 200641011261, юридический адрес: ул. Туркестан №20/1, кв. 32, Есильский район, г. Астана, Республика Казахстан, в лице директора Аны Марии Тутеа, именуемой в дальнейшем «Савви», с одной стороны, и Оспанбаева Махаббат Пернебаевна, гражданка Республики Казахстан, дата рождения 19 Ноября 1968 г., удостоверение личности №: 055192561 выданный МВД РК от 15.12.2023, ИИН 681119401768, проживающая по адресу: г. Тараз, ул. Жилисбаева, дом 44, Республика Казахстан, в дальнейшем именуемая “Консультант” с другой стороны Заключили настоящий договор о нижеследующем: Поскольку Компания Savvy Business sLTD (Болгария), осуществляющая свою деятельность в Казахстане через филиал “САВВИ БИЗНЕС СЛТД Казахстан”, является лидером консорциума “САВВИ БИЗНЕС СЛТД - Афинский национальный университет имени Каподистрии”, который подписал контракт на оказание услуг по проекту под названием «Разработка и обучение модели инклюзивного образования», ссылка №: KZEMP/QCBS-012 (далее «ПРОЕКТ») с Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан (далее «Заказчик») в рамках Программы Всемирного банка под названием Модернизация Среднего Образования № P153496. Данный проект относится к Компоненту 2 «Оказание поддержки сельским и уязвимым школам для сокращения разрыва в результатах

5.3 The work of the Consultant from the moment of its submission to the Client, becomes the property of the Client and the Consultant can make reference to its work but with prior approval from Savvy in order to safeguard confidentiality and intellectual property clauses with the Client. 5.4 This term supersedes the termination of this Agreement for 3 (three) years.	также без каких-либо интеллектуальных прав или иных прав. 5.3 Работа Консультанта с момента ее предоставления Заказчику становится собственностью Заказчика, и Консультант может ссылаться на свою работу, но с предварительного разрешения Савви, чтобы сохранить конфиденциальность и условия интеллектуальной собственности с Заказчиком. 5.4 Настоящее условие заменяет прекращение действия настоящего договора на 3 (три) года.
6. GOVERNING LAW AND FINAL PROVISIONS 6.1 Any disputes related to the execution of the present contract shall be settled in an amicable way and if not possible - by the competent court of the Republic of Kazakhstan. 6.2 The present contract is governed by the laws of the Republic of Kazakhstan. 6.3 In case of discrepancy in the interpretation and application of this Agreement between Russian and English, the English version shall prevail. 6.4 Any amendments to this contract shall be made by a written agreement only.	6. ПРИМЕНИМОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО И ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ 6.1 Любые споры, связанные с исполнением настоящего договора, разрешаются по взаимному согласию, а в случае невозможности, компетентным судом Республики Казахстан. 6.2 Настоящий договор регулируется законодательством Республики Казахстан. 6.3 В случае расхождений в толковании и применении настоящего договора между русским и английским языками, преимущественную силу имеет английская версия. 6.4 Любые поправки к настоящему договору вносятся только по письменному соглашению.

От Savvy Business sLTD

Ana Maria Tutea / Ана Мария Тутеа

Manager / Менеджер



От Консультанта / The Consultant

Оспанбаева Махаббат / Ospanbayeva Makhabbat